

жылы орта мектепті, 1964 жылы КазПИ-рих-филология факультетін және 1975 спирантурасын бітірген. 1964-1969 жыл-ектепте тәрбиеші, қазақ тілі мен әдебиеті тарих пәндерінің мұғалімі, оқу ісінің ушісі болып қызмет істеген. 1969-1976 ры Семей облыстық телевидениесінде р, аға редактор, 1976 жылдан Абай-спубликалық әдеби-мемориалдық мұра-ың және Қазақстан Жазушылар одағы Се-лалық филиалының директоры болды.

ашқы сын, зерттеу мақалалары газет-дар беттерінде 1961 жылдан жариялана н. «Өлең өрісі», «Толқын толғау» атты афиялары жарық көрген. «Индираға хат», н оңаша» кітаптарының, «Сағыныш», бұзау», «Сары құс» әңгіме-повестерінің .

ражай ісі саласында «Жидебай», і» жол таныткыш кітаптарының және ну, шәкерімтану, әуезовтану тақырып-да жүздеген әдеби-сын, ғылыми-у еңбектері шықты. «Ұлылар мекені», дың Жидебайдағы мұражай-үйі», «Ах-Риза медресесі», «Абай мемлекеттік -мұражайы», «Алаш арыстары», «Қалың қазағым», «Евгений Онегин» кітаптары кинақтарының редакторы әрі жауапты ушысы.

ақстанның еңбек сіңірген қызметкері, уданының, Семей қаласының Құрметті ы. «Құрмет» орденімен, «Қазақстан бликасының тәуелсіздігіне 10 жыл»,



«Қазақстан Парламентінің 10 жылдығы» медальдарымен марапатталған.

## ИВАНОВ АНАТОЛИЙ



Жазушы.

1928 жылдың 5 мамырында қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауылында дүниеге келген.

1946-1950 жылдары ҚазМУ-дің журналистика факультетінде білім алған. 1948 жылдан Семей қаласында шығатын «Прииртышье» газетінде журналист болып істеп, кейін әскери қызметке ауысқан. Бұдан кейін Новосібір облысында «Ленинское знамя» деп аталатын аудандық газетке редактор болған. 1954 жылдан бері прозалық шығармаларын жариялай баста-ды. 1958-1964 жылдар аралығында «Сибирские огни» журналында редактордың орынбасары, 1972 жылдан «Молодая гвардия» журналының бас редакторы қызметін атқарды. 1985 жылдан РСФСР Жазушылар одағында басшылық қызметтерде болды.

«Тени исчезают в полдень», «Вечный зов» романдарының, бірталай повестер мен әңгімелердің авторы, 1996 жылы телеэкрандарға шыққан «Ермак» шағын сериал сценарийінің телавторы.

КСРО Жоғарғы Кеңесі 11-шақырылымының депутаты болды. 1971 жылы РСФСР-дің М. Горький атындағы Мемлекеттік сыйлығымен, 1979 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығымен, Әдебиет пен өнер саласындағы М. Шолохов атындағы халықаралық сыйлықпен марапатталған. Социалистік Еңбек Ері (1984), «Ленин» (1984), екі дүркін Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері. Өскемен қаласының Құрметті азаматы.

1999 жылы Мәскеу қаласында дүниеден өтті.

## ИГІСІН ҚҰСЫМАН

Журналист, жазушы.

1940 жылдың желтоқсан айында Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданындағы Жетіарал ауылында дүниге келген.